

8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Балапашева Әйгерім Алдиярқызының «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, фармакология, клиникалық фармакология кафедрасының жетекшісі Смагулова Газиза Ажмагиевнаның

## ПІКІРІ

Балапашева Әйгерім Алдиярқызы, 1990 жылы туылған. 2015 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетін бітірген. 2015–2017 жылдары «Педиатрия» мамандығы бойынша резидентура бітірген. 2021 жылдан 2024 жылға дейін «8D10102 – Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантурасын толық игерді. 2017 жылдан бастап Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетін фармакология, клиникалық фармакология кафедрасында оқытушы болып жұмыс істейді, ғылыми және педагогикалық тәжірибесі жеткілікті.

Докторантура оқу барысында клиникалық фармакология, фармакоэпидемиология және фармакоэкономика салаларында терең теориялық білімі мен жоғары практикалық дағдылары бар білікті маман ретінде танылды. Ғылыми-зерттеу жұмысын өз бетінше жүргізуге қабілетті екенін көрсетті. Докторантураның білім беру бағдарламасын толық меңгеріп, қазіргі заманғы инновациялық оқыту технологияларын игерді және мақсатшыл, жауапкершілігі жоғары әрі бастамашыл маман ретінде танылды.

Балапашева Ә.А. медицина саласындағы ғылыми зерттеулер бойынша қазіргі ғылым жетістіктерін меңгеріп, кәсіби құзыреттілігін нығайтты. Докторанттың диссертациялық жұмысы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетін университет ішілік грант ғылыми-техникалық жобасы аясында «COVID-19-бен ауырған науқастардағы қосалқы бактериялық инфекциялар мен антибиотикорезистенттілік фармакоэпидемиологиясы: Ақтөбе облысы жағдайы» (2022–2024 жж.) тақырыбында орындалды.

Балапашева Ә.А. 2023 жылдың 20 ақпанынан 3 наурызына дейін Түркия елінде «Afyonkarahisar Sağlık Bilimleri Üniversitesi» оқу орнында ғылыми тағылымдамадан өтіп, бактерияға қарсы терапияның ұтымдылығын және фармакоэпидемиология, фармакоэкономика, статистикалық талдау әдістері бойынша білімін тереңдетіп, ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын жетілдірді.

Докторанттың «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толыққанды аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Зерттеу барысында автор қойылған міндеттерге сәйкес ДДҰ ұсынған ғылыми зерттеу әдістерін меңгеріп, ATC/DDD, ABC/VEN талдауларымен AWaRe классификациясы бойынша біліктілігін арттырды.

Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы антибиотиктерді ұтымды тұтыну және денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселе болып отырған — антибиотикорезистенттілікпен күрес бойынша теориялық әрі практикалық маңызы бар жаңа ғылыми тұжырымдарды ұсынды. Зерттеу нәтижелері Scopus және Web of Science халықаралық базаларында индекстелетін ғылыми басылымдарда, сондай-ақ ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған.

Сонымен қатар докторант халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсенді қатысып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірнеше рет баяндама жасаған.

Диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде орындалған, оның мазмұны мен ғылыми тұжырымдары философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді.

Ұсынылған диссертациялық жұмыста көрініс тапқан ғылыми даярлық деңгейі Ә.А. Балапашеваның «8D10102 – Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне диссертация қорғауға ұсынуға болатынын дәлелдейді.

Ғылыми кеңесші:

«М.Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ  
фармакология, клиникалық  
фармакология кафедрасының  
жетекшісі, м.ғ.к., профессор



Г.А.Смагулова

